

*Республикалық  
адвокаттар алқасының  
конференциясымен  
2018 жылғы 23 қарашада  
бекітілді*

**РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
АДВОКАТТАР АЛҚАСЫНЫҢ  
ЖАРҒЫСЫ**

*(2022 жылдың 19 ақпандағы өзгерістермен және толықтырулармен)*

**2022 ЖЫЛ**

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Республикалық адвокаттар алқасы облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалаларының адвокаттар алқаларының (*бұдан әрі – аумақтық алқалар*) міндетті мүшелігіне негізделген, адвокаттар алқаларының және адвокаттардың мүдделеріне Қазақстан Республикасындағы және одан тысқары жерлердегі мемлекеттік және өзге де ұйымдарда өкілдік ету және олардың мүдделерін аталған органдар мен ұйымдарда қорғау, адвокаттар алқаларының қызметін үйлестіру, адвокаттар көрсететін заң көмегінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету мақсатында құрылған коммерциялық емес, тәуелсіз, кәсіби, өзін-өзі басқаратын, өзін-өзі қаржыландыратын ұйым болып табылады.

2. Республикалық адвокаттар алқасының атауы (*бұдан әрі - Алқа*):

мемлекеттік тілде – «Республикалық адвокаттар алқасы», қысқартылған атауы – РАА;

орыс тілде – «Республиканская коллегия адвокатов», қысқартылған атауы – РКА;

ағылшын тілінде – «The National Bar Association», қысқартылған атауы – NBA.

3. Алқа өз қызметін Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы», «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының, Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінің, Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясының шешімдерінің, Алқа төралқасының шешімдерінің (*бұдан әрі - Төралқа*) және осы Жарғының негізінде жүзеге асырады.

4. Алқаның (*оның Төралқасының*) орналасқан жері: Z05K5K8, Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 8, тұрғын емес үй-жай, 13, Министрліктер үйі, 3 кіреберіс, 706 кеңсе.

*Жарғының 6-тармағы Адвокаттар алқаларының республикалық конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес өзгертілді.*

## 2. АЛҚАНЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

5. Республикалық адвокаттар алқасы «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 65-бабының 3-тармағының негізінде Республикалық адвокаттар алқаларының конференциясымен (*бұдан әрі - Конференция*) коммерциялық емес ұйым ұйымдастыру-құқықтық түрінде құрылған.

6. Алқа заңды тұлға болып табылады, оның дербес балансы, сметасы, банктерде есептік, валюталық және өзге де шоттары, дөңгелек мөрі, мөртаңбасы, мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерде толық атауы жазылған бланкілер, сондай-ақ, белгіленген тәртіпте бекітілген таным белгісі бар.

7. Коллегия өзін-өзі басқару ұйымы ретінде алқаның меншігінде оқшауланған мүлкі (ғимараттар, құрылыстар, тұрғын үйжайлар, көлік, жабдық, құрал-сайман, ақша қаражаттары, бұқаралық ақпарат құралдары және өзге де жылжымалы және жылжымайтын мүлкі) болуы мүмкін және Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес алқа аталған мүлікке иелік етуге, онымен пайдалануға және оған иелік етуге, сондай-ақ, баспа қызметін жүзеге асыруға құқылы.

8. Алқаның құқыққа қабілеттілігі алқа мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап пайда болады және таратылуы аяқталған сәтте тоқтатылады.

9. Алқа өз қызметін Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында және оның шегінен тыс жерлерде жүзеге асырады. Алқаның қызмет мерзімі шектелмеген.

10. Алқа өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, Алқа мүшелері Алқаның міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

11. Республикалық адвокаттар алқасы және аумақтық адвокаттар алқалары олардың қызметтерін жүзеге асыру үшін өзге де органдарды құра алады.

### **3. АЛҚА ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚАҒИДАТТАРЫ, МӘНІ ЖӘНЕ МАҚСАТТАРЫ**

12. Алқа қызметінің қағидаттары:

- 1) дербестік;
- 2) алқаның барлық мүшелерінің құқықтарының теңдігі;
- 3) қызметінің ашықтығы, өз мүшелерінің алдындағы есеп берушілігі, өз мүшелерінің алдындағы жауапкершілігі;
- 4) шешімдерді қабылдау және оларды жүзеге асыру кезіндегі тиімділік, жүйелілік және жеделдік.

13. Алқаның қызметі мәні және қызметінің мақсаттары:

- 1) Қазақстан Республикасының адвокаттық қауымдастығының шоғырландырылуы;
- 2) аумақтық алқалардың қызметтерін үйлестіру;
- 3) Қазақстан Республикасында және оның шегінен тыс жерлердегі мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда аумақтық алқалардың және адвокаттардың мүдделерін қорғау және оларға өкілдік ету;
- 4) адвокаттық қызмет мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасын біркелкі қолдану жөніндегі іс-шараларды қолдану арқылы адвокаттар көрсететін заң көмегінің сапасын қамтамасыз ету;
- 5) адвокат кәсібінің беделін арттыру, адвокаттық қызметтің ұйымдастыру-құқықтық негіздерін нығайту, адвокаттардың әлеуметтік және құқықтық қорғалуын арттыру;
- 6) адвокатура қызметі ұйымдастырылуының танылған халықаралық қағидаттарын, адвокаттардың кәсіби мінез-құлық ережелерін енгізу;
- 7) Қазақстан Республикасында азаматтық қоғамның және құқықтық мемлекеттің қалыптастырылуына қатысу;
- 8) аймақтық және халықаралық деңгейлерде адвокаттардың кәсіби және мәдени байланыстардың орнатылуы және дамуы.
- 9) азаматтардың құқықтық мәдениетінің және құқықтық санасының жетілдірілуіне жәрдемдесу;

10) адвокатура және адвокаттық қызмет, ұлттық және халықаралық құқық мәселелерін баяндауға бағытталған баспа қызметін жүзеге асыру;

11) осы Жарғыға қайшы келмейтін өзге қызмет.

#### **4. АЛҚАНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ**

14. Аумақтық алқалар мен адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау және оларға өкілдік ету саласында Алқа:

1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік және өзге де ұйымдарда және Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде Алқаның, аумақтық алқалардың және адвокаттардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғайды және оларға өкілдік етеді;

2) өз қызметінің мақсаттарына сәйкес мемлекеттік органдармен және жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, қоғамдық бірлестіктермен және өзге де ұйымдармен өзара әрекеттеседі;

3) Қазақстан Республикасының өкілетті және өзге де органдарына кандидаттарды ұсынады;

4) аумақтық алқалар мен адвокаттардың мүдделеріне қатысты нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысады;

5) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және заңнамада көзделген жағдайларда адвокаттық қызметке қатысты мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілердің сараптамасын жүргізуге қатысады;

6) аумақтық алқалардың және адвокаттардың құқықтары мен міндеттеріне қатысты мәселелер бойынша орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың жанындағы алқалы консультативтік кеңес органдардың жұмысына қатысады;

7) бұқаралық ақпарат құралдарын құрады;

8) өз қызметі туралы ақпаратты таратады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында және Алқаның Жарғысында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

15. Адвокатураның қызметін ұйымдастыру және аумақтық адвокаттар алқаларының қызметін үйлестіру саласында Алқа:

1) өз құзыретінің шегінде аумақтық адвокаттар алқалары мен олардың мүшелері үшін орындалуы міндетті болып табылатын, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін шешімдерді қабылдайды;

2) адвокаттық қызмет мәселелері бойынша адвокаттар және аумақтық адвокаттар алқалары қызметінің ақпараттық және әдістемелік қамсыздандырылуын жүзеге асырады;

3) ғылыми-тәжірибелік конференциялар мен семинарларды өткізу арқылы адвокаттар арасында тәжірибе алмасуға жәрдемдеседі;

4) адвокатураның институттарын жетілдіру және дамыту мақсатында бірыңғай әдістемелік құжаттарды қабылдайды;

5) адвокаттық қызметті және заң көмегін көрсету қызметін талдайды және жинақтап қорытындылайды;

6) адвокаттық қызметпен айналысу лицензиясы қызметінің тоқтатылуы туралы өтішінхат енгізеді;

7) адвокаттар алқасының және (немесе) оның басқару органының іс-әрекеттерімен (әрекетсіздігімен) шешімдерімен тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерінің бұзылғандығы туралы азаматтардың сауалдарын қарайды;

8) адвокаттар алқаларындағы мүшеліктің тоқтатылуы туралы шағым арыздарды қарайды;

9) аумақтық адвокаттар алқалары төралқаларының адвокаттар алқаларына мүшеллікке қабылдау туралы шешімдеріне түсірілген шағымдарды қарайды;

10) аумақтық адвокаттар алқалары төралқаларының тағылымдамадан өту туралы қорытындыны бекітуден бас тарту туралы шешімдеріне түсірілген шағымдарды қарайды;

11) адвокаттардың тәртіптік комиссияларының шешімдеріне түсірілген шағымдарды қарайды;

12) адвокаттар мен адвокаттар алқаларын көтермелеумен байланысты іс-шараларды ұйымдастырып өткізеді.

13) адвокаттардың және адвокаттық қоғамдастықтардың марапаттарын және көтермелеулерін (төсбелгілер және құрметті атақтар, сондай-ақ, өзге де кәсіби айырмашылықтар белгілерін) белгілейді;

14) заңнамада белгіленген тәртіпте адвокаттарды мемлекеттік марапаттармен марапаттауға және оларға Қазақстан Республикасының құрметті атақтарды беру жөнінде ұсыныс білдіру туралы өтініш жасайды;

15) адвокаттарға Алқа органдарының құжаттарымен және шешімдерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етеді;

16) тоқсан сайын Алқа мүшелерін өз қызметі және Алқаның басқару органдарының шешімдері туралы мәлімдейді.

16. Даярлау, қайта даярлау және біліктілікті арттыру, аккредитациялау және аттестациялау саласында Алқа:

1) адвокаттардың кәсіби дейгейін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, адвокаттарды кәсіби даярлаудың бірыңғай әдістемесін әзірлейді;

2) білім беру ұйымдарын, жоғарғы оқу орнынан кейінгі кәсіби оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілерін, соның ішінде ғылыми қызмет субъектілерін аккредиттеудің тәртібі мен нысандары туралы ұсынымдарды әзірлейді, сондай-ақ, оларды аккредитациядан өткізеді;

3) адвокаттық қызметпен айналысуға үміттенетін тұлғаларды аттестациялау жөніндегі комиссияның отырысына қатысады;

4) адвокаттардың аттестациясын өткізудің бірыңғай тәртібін қалыптастырады.

17. Халықаралық байланыстарды дамыту саласында алқа Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

1) өз қызметінің мақсаттарына сәйкес адвокаттардың халықаралық және шетелдік ұйымдарымен, халықаралық үкіметтік емес ұйымдармен байланыстарды орнатады және дамытады;

2) қоғамдық бірлестіктер одақтарының (қауымдастықтарының) мүшесі бола алады, соның ішінде коммерциялық емес халықаралық қоғамдық бірлестіктерге мүше болып кіруге құқылы.

18. Алқа өзінің жарғылық мақсаттарына қол жеткізу үшін өз атынан мәмілелерді, соның ішінде сыртқы экономикалық мәмілелерді де және өзге де құқықтық іс-әрекеттерді жасауға, мүліктік және мүліктік емес құқықтарға иеленуге және оларды жүзеге асыруға, сотта талапкер және жауапкер болуға құқылы, алқаның оған жүктелген тиісті міндеттері бар.

19. Алқа егер де ол алқаның жарғылық мақсаттарына сәйкес келетін болса кәсіпкерлік қызметпен айналысуға құқылы.

## **5. АЛҚА МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ**

20. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың алқалары (*бұдан әрі – аумақтық алқалар*) Алқаның мүшелері болып табылады. Алқаның мүшелерінің құқықтары мен міндеттері тең.

21. Аумақтық алқалар:

1) Алқаның сайланбалы органдарына өз өкілдерін ұсынуға және оларды сайланбалы лауазымнан шақыртып алуға;

2) Алқа қызметінің мәселелерін талқылауға және алқаның органдарымен шешімдерді қабылдауға қатысуға;

3) Алқаның сайланбалы органдарына олардың жұмыстарының ұйымдастырылуы жөніндегі ұсыныстарды енгізіп жүгінуге;

4) Алқадан жәрдем алуға, Алқаның көмегін пайдалануға және Алқа тарапынан қорғалуға;

5) Алқа көрсететін кеңес берушілік, құқықтық және әдістемелік көмектің барлық түрлерімен пайдалануға құқылы.

22. Аумақтық алқалар:

1) адвокаттық қызмет мәселелерін реттейтін Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Жарғының ережелерін сақтауға;

2) Алқа құзыретінің шегінде қабылданған Алқа органдарының шешімдерін орындауға;

3) осы Жарғымен белгіленген міндеттерді жүзеге асыруға қатысуға;

4) Республикалық адвокаттар алқаларының конференциясына және Алқа төралқасының жұмысына қатысуға;

5) адвокаттардың және олардың көмекшілерінің кәсіби қызметінің бірыңғай әдістемесіне сәйкес адвокаттардың кәсіби дейгеін арттыру жөніндегі іс-шараларды ұйымдастырып өткізуге;

6) Конференция мен осы Жарғыда белгіленген тәртіпте және мөлшерде Алқаның қызметін қамтамасыз етуге қажетті аударымдарды енгізуге міндетті.

## **6. АЛҚАНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ, ОНЫҢ ОРГАНДАРЫН ҚҰРУ ТӘРТІБІ ЖӘНЕ ОРГАНДАРЫНЫҢ ҚҰЗЫРЕТІ**

### **6.1. Республикалық адвокаттар алқаларының конференциясы**

23. Жылына кем дегенде бір рет, қажеттілік туындаған кезде – жыл сайын шақыртылатын Республикалық адвокаттар алқаларының конференциясы

(бұдан әрі – Конференция) Алқаның Жоғарғы органы болып табылады. Егер Конференцияның жұмысына Республикалық адвокаттар алқасы мүшелерінің төрттен үшінен кем емес делегаттары қатысқан болса, ол құқықты болып есептеледі.

24. Конференция Алқа қызметінің кез келген мәселелерін шешуге құқылы.

25. Конференцияның айрықша құзыреті:

1) Алқаның жарғысын (бұдан әрі – Жарғы) қабылдау және оған өзгертулер мен толықтыруларды енгізу;

2) Алқа төралқасының орналасқан жерін анықтау;

3) Алқа төралқасының сандық құрамын бекіту;

4) Алқа төралқасының мүшелерін сайлау және лауазымнан босату;

5) Алқаның төрағасын сайлау және лауазымнан босату;

6) Алқаның тексеру комиссиясының төрағасы мен мүшелерін сайлау және лауазымнан босату;

7) адвокатураның тәртіптік комиссиясының төрағасын және мүшелерін сайлау және лауазымнан босату;

8) республикалық адвокаттар алқаларының конференциясына адвокаттар алқаларынан делегаттар өкілдіктерінің нормасын бекіту;

9) адвокаттардың кәсіби этикасы кодексін бекіту және оған өзгертулер мен толықтыруларды енгізу;

10) өкілетті органмен келісу бойынша адвокаттардың аттестациясын өткізу тәртібі туралы ережені бекіту;

11) заң көмегін көрсету стандарттарын бекіту;

12) Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес алып тасталды;

13) Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес алып тасталды;

14) Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес алып тасталды;

15) Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес алып тасталды;

16) Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес алып тасталды;

17) Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес алып тасталды;

18) Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес алып тасталды;

19) кешенді әлеуметтік заң көмегін көрсетудің көлемі мен тәртібін бекіту;

20) адвокаттардың бұқаралық ақпарат құралдарындағы мінез-құлық ережелерін бекіту;

21) Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес алып тасталды;

22) Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес алып тасталды;

23) әдеп жөніндегі комиссияны, адвокаттардың кәсіби құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияны, ғылыми-консультативтік кеңесті немесе алқаның

қызметі үшін қажетті өзге де жұмыс органдарын құру және олардың жұмысы туралы ережені бекіту;

*Жарғының 23) тармақшасы Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес өзгертілді.*

24) адвокаттардың алқалары Алқаның жалпы қажеттіліктеріне енгізетін жарналардың мөлшері мен жарналарды енгізу тәртібін белгілеу;

25) Алқаны ұстауға жұмсалатын шығындар сметасын бекіту;

26) Алқа төралқасының есебін, соның ішінде Алқаны ұстауға арналған шығындар сметасын орындау туралы есебін бекіту;

27) тексеру комиссиясының Алқаның қаржы-шаруашылық қызметінің қорытындылары туралы есебін бекіту;

28) Конференцияның жұмыс тәртібін, Тексеру комиссиясы туралы ережесін бекіту;

29) Қазақстан Республикасының заңнамасында және осы Жарғыда көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

26. Тексеру комиссиясының талабы бойынша немесе адвокаттар алқаларының жалпы санынан кем дегенде үштен бір бөлігінің талабы бойынша Алқаның төралқасы екі айдың ішінде кезектен тыс Конференцияны шақыруға міндетті.

## **6.2. АЛҚАНЫҢ ТӨРАЛҚАСЫ**

27. Төралқа Алқаның алқалы атқарушы органы болып табылады. Төралқаны Конференция жасырын дауыс беру арқылы төрт жылға сайлайды, Төралқа әрбір адвокаттар алқасының саны бірдей өкілдерінен құралады. Төралқаға сайланатын адвокаттардың санын Конференция белгілейді.

Бір тұлға Алқаның төралқасына бір реттен астам рет мүше бола алмайды.

Төралқа мүшелері сайлауының дауыс беру қорытындылары бойынша басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан Конференция делегаттарының көпшілік даусын алған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

*Жарғының 27-тармағы Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес өзгертілді.*

28. Төралқа:

1) Алқаның жұмысын ұйымдастырады;

2) Конференцияның шешімдерінің орындалуын ұйымдастырады;

3) «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңының 67-бабына сәйкес Конференция бекітетін құжаттарды әзірлейді;

4) аумақтық алқалардың қызметін үйлестіреді;

5) өз өкілдерін заң шығарушы, атқарушы және сот билігі органдарына ұсынады;

6) адвокаттардың әлеуметтік және кәсіби құқықтарын қорғайды;

7) адвокаттардың кәсіби деңгейін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады, адвокаттарды кәсіби даярлаудың бірыңғай әдістемесін әзірлейді;

8) аумақтық алқалардың олардың қызметі туралы есептерін тоқсан сайын жинақтап қорытады;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда және тәртіппен адвокаттық қызметке қатысты мәселелер бойынша нормативтік құқықтық актілердің жобаларына сараптама жүргізуге қатысады;

10) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің бекіткен форма бойынша адвокаттар көрсеткен заң көмегі туралы статистикалық мәліметтерді тапсырады;

11) конференция құру туралы шешім қабылдаған адвокаттардың кәсіби құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның және ғылыми-консультативтік кеңестің, сондай-ақ Төралқаның өкілеттіктеріне жатқызылған мәселелер бойынша өзге де жұмыс топтарының құрамын қалыптастыру;

*Жарғының 28-тармағының 11) тармақшасы Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадғы шешіміне сәйкес өзгертілді.*

12) адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдіснамалық қамсыздандыруды қамтамасыз етеді;

13) адвокаттар алқаларының ақпараттық қамсыздандырылуын қамтамасыз етеді;

14) жыл сайын мониторингтің қорытындыралы бойынша алқалар адвокаттар қызметтерінің (қызметтер түрлері бойынша) орташа құнын белгілейді;

15) Алқаның интернет-қорында келесі мәліметтерді:

- адвокаттық қызметпен айналысатын адвокаттар тізімін, сондай-ақ, соңғы өзгертулер енгізілген аумақтық адвокаттар алқалары адвокаттарының тізімдерін;

- Қазақстан Республикасының адвокаттық қызметке және заң көмегіне қатысты нормативтік құқықтық актілерін;

- адвокаттардың кәсіби этикасы кодексін;

- заң көмегін көрсету өлшемдерін;

- заң көмегі сапасының стандарттарын;

- біліктілікті арттыру стандарттарын;

- әрбір специфика бойынша жеке-жеке барлық түсімдер мен шығындар туралы ақпарат енгізілген Республикалық адвокаттар алқасының қаржы-шаруашылық қызметі туралы есепті;

- адвокаттар алқалары төралқаларының және Республикалық адвокаттар алқасының құрамы туралы мәліметтерді;

- кешенді әлеуметтік заң көмегінің көрсетілгендігі туралы мәліметтерді;

- адвокатураның тәртіптік комиссиясының жұмыс қорытындыларын;

- адвокатураның іс-шаралары және оқиғалары туралы мәліметті;

- және Республикалық адвокаттар алқасының қызметі туралы өзге де қажетті ақпаратты орналастырады;

16) жыл сайынғы Конференцияны шақырады, оның күн тәртібін қалыптастырады;

17) Конференциялар арасындағы кезеңде Алқа төралқасы мүшелерінің, тексеру комиссиясы мүшелерінің, адвокатураның тәртіптік комиссиясы мүшелерінің, ғылыми-консультативтік кеңес мүшелерінің, әдеп бойынша комиссиясы мүшелерінің, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген негіздер бойынша аумақтық

алқалардан шығарылған адвокаттардың құқықтарын қорғау комиссиясы мүшелерінің өкілеттіктерін мерзімге дейін тоқтату туралы шешімдерді қабылдайды;

18) Тексеру комиссияның немесе алқалардың жалпы санынан кем дегенде үштен бір бөлігінің талабы бойынша, осындай талап түскен күннен бастап екі айдың ішінде кезектен тыс Конференцияны шақырады;

19) Алқа құратын аумақтық алқаларды және адвокаттарды марапаттауға және көтермелеуге ұсынудың негіздері, шарттары мен тәртібі туралы ережені бекітеді;

20) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте адвокаттарды мемлекеттік марапаттармен марапаттауға ұсыну және оларға құрметті атақтарды беру туралы өтініш білдіреді;

21) баспа қызметін жүзеге асырады;

22) сметаға және мүліктің мақсатына сәйкес алқаның мүлкіне билік етеді, сондай-ақ алқаның жалақы қорына қатысты шығыстар бабын қоспағанда, конференция бекіткен алқаны ұстауға арналған шығыстар сметасына сәйкес сомалар шегінде шығыстар баптары арасында қаражатты үнемдеуді қайта бөледі;

*Жарғының 28-тармағы адвокаттар алқаларының Республикалық конференциясының 2022 жылғы 19 ақпандағы шешіміне сәйкес 22-1) тармақшамен толықтырылды.*

23) Төралқаның жұмыс тәртібін, Алқаның эмблемасын бекітеді;

23-1) уәкілетті органмен келісу бойынша заң көмегін көрсету стандарттарын бекіту;

23-2) уәкілетті органмен келісу бойынша заң көмегін көрсету сапасының өлшемшарттарын бекіту;

23-3) адвокаттық мантияның нысаны мен сипаттамасын бекіту;

23-4) адвокат куәлігінің нысанын бекіту;

23-5) уәкілетті органмен келісу бойынша Адвокаттардың тағылымдамадан өтушілерінің тағылымдамадан өту тәртібі туралы ережені бекіту;

23-6) уәкілетті органмен келісу бойынша адвокаттардың біліктілігін арттыру стандарттарын бекіту;

23-7) адвокаттардың біліктілігін арттыру тәртібін бекіту;

23-8) уәкілетті органмен келісу бойынша адвокаттық сұрау салудың нысанын, оны ресімдеу және жіберу тәртібін бекіту;

23-9) адвокаттардың тәртіптік комиссиясы туралы ережені бекіту;

23-10) адвокатураның тәртіптік комиссиясы туралы ережені бекіту;

24) штаттық кестені және Алқа аппараты қызметкерлерінің еңбекақысын, сондай-ақ, бекітілген шығыстар сметасының шегінде адвокаттарға төленетін сыйақы мен олардың Алқаның органдарындағы жұмысымен байланысты шығындардың өтелу мөлшерлерін бекітеді;

25) Республикалық адвокаттар алқасының жарғысында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

26) Конференцияның ерекше құзыретіне жатқызылғандардан басқа Алқа қызметінің өзге де мәселелерін шешеді.

*Жарғының 28-тармағы Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес 23-1) - 23-10) тармақшалармен толықтырылды.*

29. Төралқаның отырыстарын алқа төрағасы (бұдан әрі-Төраға) немесе оның міндетін атқарушы төрағаның орынбасары (Төралқа мүшесі) өз бастамасы бойынша не қажет болуына қарай, бірақ тоқсанына кемінде бір рет төралқа мүшелерінің кемінде жартысының талап етуі бойынша шақырады. Отырыс, егер оған төралқа мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп есептеледі.

Төралқаның отырыстарын өткізу тәртібі және оның жұмысын ұйымдастыру Төралқаның Регламентімен белгіленеді.

*Жарғының 29-тармағы Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес өзгертілді.*

30. Төралқаның шешімдері оның отырысына жеке қатысып отырған Төралқа мүшелері жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда шешім қабылданбады деп есептеледі.

*Жарғының 29-тармағы Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес өзгертілді.*

31. Төралқа «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңының және осы Жарғының талаптарын орындамаған жағдайда Төралқаның өкілеттіктері кезектен тыс Конференцияда мерзімге дейін тоқтатылуы мүмкін.

32. Төралқа мүшесінің өкілеттіктері кезектен тыс Конференцияда келесі жағдайларда мерзімге дейін тоқтатылады:

1) өз өкілеттіктерінен Төралқаға жазбаша арызды беру арқылы өз еркімен босаған жағдайда;

2) адвокаттың мәртебесін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте, заңнамада көзделген негіздер бойынша жоғалтқан жағдайда;

3) адвокаттар алқасының жалпы жиналысының шешімінің негізінде Төралқаның құрамынан өз өкілін қайта шақыртып алған жағдайда.

### **6.3. АЛҚА ТӨРАҒАСЫ**

33. Кем дегенде бес жылдық адвокаттық қызмет өтілі бар адвокат алқаның төрағасы етіп сайлана алады. Алқаның төрағасын (төрайымын) Конференция жасырын дауыс беру арқылы төрт жылдық мерзімге сайлайды. Бір тұлға бір реттен астам Алқа төрағасы (төрайымы) лауазымын иелене алмайды.

Алқа төрағасы сайлауының дауыс беру қорытындылары бойынша дауыс беруге қатысқан конференция делегаттарының елу пайыздан астам дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі.

Егер кандидаттардың бірде-бірі делегаттар дауысының елу пайызынан астамын жинамаған жағдайда, қайтадан дауыс беру өткізіледі, оған бірінші дауыс беру кезінде басқа кандидаттармен салыстырғанда делегаттар дауысының көп санын алған екі кандидат қатысады.

Егер екі кандидат та қайтадан дауыс беру кезінде тең дауыс санын алған жағдайда, бірінші дауыс беру нәтижелері бойынша неғұрлым көп дауыс алған кандидат сайланды деп есептеледі.

*Жарғының 33-тармағы Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес өзгертілді.*

34. Төраға (төрайым) Конференцияда сайлау нәтижелерін жария еткен сәттен бастап өз өкілдіктерін орындауға кіріседі және жаңа сайлау қорытындылары жария етілген сәттен бастап өз міндеттерін атқаруын тоқтатады.

35. Төраға:

1) Алқаны мемлекеттік және өзге де ұйымдарда, жеке тұлғалармен қарым-қатынастарда, сондай-ақ, халықаралық ұйымдарда Алқаның атынан өкілдік етеді;

2) Алқаның атынан сенімхатсыз әрекет етеді;

2-2) Төралқамен келісім бойынша кемінде бес жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттар арасынан Төрағаның орынбасарын (орынбасарларын) тағайындайды.

**Қажет болған жағдайда Төралқа Төраға орынбасарларының санын Төраға бекіткен шығыстар сметасы шегінде штат кестесіне сәйкес жалақысы бар алқа жұмыс органдарының басшылары болып табылатын Төралқа мүшелері арасынан Төрағаның ұсынуы бойынша оларды сайлау арқылы көбейтуге құқылы;**

*35-тармақ Адвокаттар алқалары Республикалық конференциясының 2021 жылғы 26 қарашадағы шешіміне сәйкес толықтырылды. 2-2) тармақша адвокаттар алқаларының Республикалық конференциясының 2022 жылғы 19 ақпандағы шешіміне сәйкес өзгертілді.*

3) сенімхаттар береді;

4) Төралқаның отырыстарын шақырып өткізеді және Төралқаның отырыстарында төрағалық етеді;

5) конференцияларды дайындап өткізеді;

6) Алқа аппаратының қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және оларды жұмыстан босатады;

7) Алқаның қаржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырады, бұйрықтар мен өкімдер шығарады, Алқа аппаратының барлық қызметкерлеріне орындалуы міндетті болып табылатын нұсқаулар береді;

8) Алқаның атынан мәмілелер жасайды және Төралқаның шешімі бойынша сметаға және мүліктің тағайындалуына сәйкес Алқаның мүлкіне иелік етеді;

9) Төралқаның және Конференцияның шешімдерінің орындалуын қамтамасыз етеді;

10) Республикалық адвокаттар алқасының Жарғысында көзделген өзге де функцияларды жүзеге асырады;

11) осы Жарғының 25-тармағының 23) тармақшасында көзделген тәртіппен қалыптастырылған жұмыс органдарының алқа Төралқасымен және өзге де жеке және заңды тұлғалармен өзара іс-қимылын үйлестіреді;

12) **Төралқамен** мемлекеттік органдар жанындағы Қоғамдық кеңестердің, жұмыс органдарының, комиссиялардың және өзге де осындай құрылымдардың құрамына кіретін адвокаттардың қызметін үйлестіреді, оларға тапсырмалар береді және **Алқа Төралқасы бекітетін қағидаларға сәйкес** олардың есептерін сұратады.

*Жарғының 35-тармағы адвокаттар алқаларының республикалық конференциясының 2022 жылғы 19 ақпандағы шешіміне сәйкес 11), 12) тармақшалармен толықтырылды.*

36. Төрағаның өкілеттіктері келесі жағдайларда мерзімге дейін тоқтатылады:

1) Төралқаға жазбаша өтініш беру арқылы өз өкілеттіктерін өз еркімен босату;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген негіздер бойынша және заңнамада көзделген тәртіпте адвокаттың мәртебесін жоғалту;

3) Төрағаның (Төрайымның) өкілеттіктері осы Жарғыда көзделген тәртіпте Конференцияның кезектен тыс Конференциясында осы Жарғыда көзделген тәртіпте тоқтатылған жағдайда.

37. Осы Жарғының 36-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша Төрағаның (Төрайымның) өкілеттіктері мерзімге дейін босатылған кезде Төралқа тиісті оқиға орын алған күннен бес жұмыс күннен кешіктірмей аумақтық алқаларды өз өкілеттіктерін мерзімге дейін тоқтататындығы туралы мәлімдейді және осындай шешімнің себептерін атайды, сонымен қатар, отыз жұмыс күннің ішінде жаңа Төрағаны (Төрайымды) сайлау үшін Конференцияны шақырады.

Жаңа Төраға сайланғанға дейінгі кезеңде оның міндеттері Төралқаның шешімі бойынша Төралқа мүшелерінің біріне жүктеледі.

#### **6.4. АЛҚАНЫҢ ТЕКСЕРУ КОМИССИЯСЫ**

38. Алқаның тексеру комиссиясы (*бұдан әрі – Тексеру комиссия*) Алқаның қаржы-шаруашылық қызметіне ішкі бақылау функцияларын жүзеге асыратын және Конференцияға есеп беретін Алқаның бақылау органы болып табылады.

Ревизиялық комиссия бес адамнан аспайтын құрамда сайланады, оның Төрағасын (Төрайымын) және мүшелерін Конференция ашық дауыс беру арқылы төрт жылдық мерзімге сайлайды. Тексеру комиссияның мүшелері Алқада өзге де сайланбалы лауазымды иеленуге құқылы емес.

Бір тұлға бір мерзімнен астам уақыт бойы ревизиялық комиссияның құрамына мүше бола алмайды.

Тексеру комиссиясы мүшелері сайлауының дауыс беру қорытындылары бойынша басқа кандидаттармен салыстырғанда, басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан конференция делегаттарының көпшілік даусын алған кандидаттар сайланған болып есептеледі.

Тексеру комиссиясының төрағасы сайлауының дауыс беру қорытындылары бойынша дауыс беруге қатысқан конференция делегаттарының елу пайыздан астам даусын алған кандидат сайланды деп есептеледі.

Егер кандидаттардың бірде-бірі делегаттардың елу процентінен астамының даусын ала алмаса, дауыс беру осы Жарғының 33-тармағында көзделген тәртіппен өткізіледі.

*Жарғының 38-тармағы Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес өзгертілді.*

39. Тексеру комиссиясы кез келген уақытта Алқаның қаржы-шаруашылық қызметін тексеруге құқылы және аталған мақсатты жүзеге асыру үшін Алқаның барлық органдарының бүкіл құжаттамасына қол жеткізу құқығы бар. Тексеру комиссиясының талабы бойынша Алқа органдарының мүшелері ауызша немесе жазбаша түрде қажетті түсініктемелер беруге міндетті.

40. Тексеру комиссиясы міндетті түрде Алқаның қаржы-шаруашылық қызметі туралы жылдық есепті тексереді және Алқаның интернет-қорында оның нәтижелерін орналастырады.

Тексерудің қорытындысы бойынша комиссия есепті әзерлейді, есепке оның мүшелері қол қояды. Есеп Алқаның Төрағасына (Төрайымына) және Төралқа мүшелеріне танысу үшін ұсынылады.

Тексеру комиссиясы есепті кезекті Конференцияда бекіту үшін ұсынады.

41. Тексеру комиссиясының жұмыс тәртібі, есепті беру мерзімділігі осы Жарғыда және Тексеру комиссиясы туралы ережесінде белгіленеді.

## **6.5. АДВОКАТУРАНЫҢ ТӘРТІПТІК КОМИССИЯСЫ**

42. Адвокатураның Тәртіптік комиссиясы Алқаның органы болып табылады, оның құзыретіне келесі мәселелер кіреді:

1) адвокаттардың аумақтық алқаларының басқару органдарының мүшелерін, Алқаның басқару органдарының мүшелерін тәртіптік жауапкершілікке тарту;

2) адвокаттардың тәртіптік комиссияларының шешімдеріне шағымдарды қарастыру;

3) тәртіптік тәжірибені жинақтап қорыту.

43. Адвокатураның тәртіптік комиссиясы Конференция сайлайтын және Конференцияға есеп беретін Алқаның тәуелсіз органы болып табылады. Тәртіптік комиссияның шешімдері міндетті сипатта болады.

44. Республикалық адвокаттар алқасының ұсынысы бойынша адвокатураның Тәртіптік комиссиясының құрамына кем дегенде бес жылдық адвокаттық тәжірибесі бар алты адам, уәкілетті орган ұсынған үш жұртшылық өкілі, екі отставкадағы судья енгізіледі.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясының төрағасы адвокат болып табылады. Комиссияның Төрағасы және комиссияның мүшелері ашық дауыс беру арқылы дауыстардың көпшілігімен сайланады.

Бір тұлға адвокатураның Тәртіптік комиссиясында бір мерзімнен артық рет мүше бола алмайды.

Адвокатураның тәртіптік комиссиясының өкілеттік мерзімі төрт жыл.

Тәртіптік комиссия мүшелері сайлауының дауыс беру қорытындылары бойынша басқа кандидаттармен салыстырғанда дауыс беруге қатысқан конференция делегаттарының көпшілік даусын алған кандидаттар сайланды деп есептеледі.

Тәртіптік комиссия төрағасы сайлауының дауыс беру қорытындылары бойынша дауыс беруге қатысқан конференция делегаттарының елу пайыздан астам дауысын алған кандидат сайланды деп есептеледі.

Егер кандидаттардың бірде-бірі делегаттардың елу пайызынан астамының даусын ала алмаса, дауыс беру осы Жарғының 33-тармағында көзделген тәртіппен өткізіледі.

*Жарғының 44-тармағы Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес өзгертілді.*

45. Адвокатураның Тәртіптік комиссиясының қызмет ету тәртібі және Тәртіптік комиссиямен шешімдерді қабылдау рәсімі Конференция бекітетін Ережеде белгіленеді.

46. Аумақтық адвокаттар алқаларының басқару органдарының мүшелерін, Алқаның басқару органдарының мүшелерін тәртіптік жауапкершілікке тарту «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңының 72-бабында белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

## **6.6. ҒЫЛЫМИ-КОНСУЛЬТАТИВТІК КЕҢЕС**

47. Ғылыми-консультативтік кеңес Төралқа Алқаның адвокаттық қызметті жетілдіру мәселелері, сондай-ақ, адвокаттық тәжірибе мәселелерін реттейтін нормативтік-құқықтық актілерді түсіндіру бойынша ғылыми негізділген ұсыныстарды, қорытындылар мен ұсынымдары әзірлеу жөніндегі қызметін ғылыми сүйемелдеу мақсатында құрылатын, «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңының 65-бабының 10-тармағына, Ғылыми-консультативтік кеңес туралы ережеге және осы Жарғыға сәйкес әрекет ететін Алқаның консультативтік органы болып табылады.

*Жарғының 47-тармағы Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес өзгертілді.*

48. Ғылыми-Консультациялық кеңестің құрылу және қызмет ету тәртібі, сондай-ақ, оның құзыреті Конференция бекітетін ережемен белгіленеді.

## **6.7. АДВОКАТТАР КӘСІБИ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИССИЯ**

49. Адвокаттардың кәсіби құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия Төралқа заңнамада тыйым салынбаған адвокаттар кәсіби құқықтарының бұзылуын болдырмау, адвокаттардың кәсіби құқықтарын бұзумен байланысты істерді қарау тәжірибесін жинақтап қорыту үшін қажетті шаралар жайлы ұсыныстарды енгізу жөніндегі барлық тәсілдерді қолдана отырып, адвокаттардың құқықтарын қорғау мақсатында ұйымдастыратын және «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Заңының 65-бабының 10-тармағына, Комиссия туралы ережесіне және осы Жарғыға сәйкес қызмет ететін Алқаның органы болып табылады.

*Жарғының 49-тармағы Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес өзгертілді.*

50. Адвокаттардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның ұйымдастырылу тәртібі және оның құзыреті Конференция бекітетін ережемен белгіленеді.

## **7. АЛҚА МҮЛКІНІҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ КӨЗДЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРҒА БИЛІК ЕТУ ТӘРТІБІ**

51. Алқаның мүлкін құру көзі – аумақтық алқалардың жарналары. Алқаның мүлкі сондай-ақ, заңды және жеке тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте түсетін гранттар мен

қайырымдылық көмек (жәрдем ретінде берілген қаражат) есебінен де құрылуы мүмкін.

52. Алқаның бухгалтерлік балансында Қазақстан Республикасының заңнамасы белгілеген тәртіпте көрсетілген ұлттық және шетелдік валютадағы негізгі құралдар, ақша қаражаттары және өзге де жылжымалы және жылжымайтын мүлік Алқаның меншігін құрайды.

53. Алқа мүлікке жарғылық мақсаттарға сәйкес иелік етеді.

Алқаның жалпы қажетіліктері түріндегі шығындар дегеніміз Алқаның материалды камсыздандырылуына, адвокаттарға төленетін сыйақыға жұмсалатын шығындар және адвокаттардың Алқа органдарындағы жұмысымен байланысты шығындардың өтемақысы, Алқа аппараты қызметкерлерінің еңбекақысына жұмсалатын шығындар және Қазақстан Республикасының заңнамасы мен Алқаның сметасында көзделген өзге де шығындар.

54. Аумақтық алқалар тиісті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы заңда белгіленген бір айлық есептік көрсеткіштен кем емес мөлшерде әрбір адвокат үшін Келесі айдың бесінші күнінен кешіктірмей оларды алқаның есеп айырысу шотына аудару арқылы ай сайынғы аударымдарды енгізеді.

Адвокат "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 55-бабы 2-тармағының 6) тармақшасының негізінде және аумақтық адвокаттар алқасының жарғысында көзделген өзге де негіздер бойынша аумақтық алқаға мүшелік жарнаны төлеуден босатылған жағдайда, ол үшін алқаға ай сайынғы жарнаның мөлшері есептелмейді.

Адвокат аумақтық алқаға "Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 54-бабы 2-тармағының 6) тармақшасы негізінде белгіленген мөлшерлеменің елу пайызы мөлшерінде мүшелік жарна төлеген кезде алқаға ай сайынғы жарнаның мөлшері ол үшін белгіленген жарнаның елу пайызы мөлшерінде есептеледі.

*Жарғының 54-тармағы Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес өзгертілді.*

55. Алқаның жарғылық мақсаттарына қол жеткізу үшін жолданған нақты кәсіпорындар мен бағдарламаларды қаржыландыруға арналған мақсатты жарналардың мөлшерін және оларды төлеу мерзімін Төралқа аумақтық алқалардың төралқаларымен өзара келісе отырып белгілейді.

56. Алқа мүшелерінің олар Алқаға берген мүлікке, соның ішінде аударымдарға да құқығы жоқ. Конференцияның шешімдерінде көзделген жағдайларды қоспағанда Алқаның мүлкіне, соның ішінде ақша қаражаттарына Төраға (Төрайым) Төралқаның шешімі бойынша және сметаның аясында тікелей билік етеді.

57. Алқаға меншік құқығында тиесілі, құны 1000 айлық есептік көрсеткіштен астам мүлікті иеліктен шығару немесе оған ауыртпалықтар салу Төралқаның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

## **8. ЖАРҒЫҒА ӨЗГЕРТУЛЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ЕНГІЗУ**

58. Жарғыға өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы шешім Конференцияның сайланған депутаттар санының кем дегенде үштен екі бөлігі бар болған жағдайда олардың дауыстарының үштен екі бөлігімен қабылданады. Жарғыға енгізілген өзгерістер мен толықтырулар Жарғыны тіркеу сәтіндегідей тәртіппен тіркелуге жатады.

Осы Жарғы ол Қазақстан Республикасының уәкілетті мемлекеттік органдарында мемлекеттік тіркелген кезден бастап күшіне енеді.

*Жарғының 58-тармағы Республикалық адвокаттар алқалар конференциясының 2021 жылдың 26 қарашадағы шешіміне сәйкес өзгертілді.*

59. Жарғыға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы ұсыныстарды беру құқығы Алқа мүшелерінің әрқайсысына тиесілі.

## **9. АЛҚАНЫ ҚАЙТА ҚҰРУ ЖӘНЕ ТАРАТУ**

60. Алқаның қайта ұйымдастырылуы ерікті түрде немесе Конференцияның шешімі бойынша, сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте мәжбүрлі түрде жүзеге асырыла алады.

61. Алқаны тарату Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіпте және заңнамада көзделген негіздер бойынша жүзеге асырылады. Алқаны ерікті түрде тарату туралы шешім Конференцияда барлық делегаттардың дауыстар санының кем дегенде үштен екі бөлігімен қабылдануы тиіс.

62. Алқа таратылған жағдайда Конференцияның шешімі немесе сот үш адамнан тұратын тарату комиссиясын тағайындайды. Тарату комиссиясы тағайындалған кезден бастап оған Алқаның мүлкін және істерін басқару жөніндегі өкілеттіктер жүктеледі.

63. Комиссия таратылған жағдайда оның мүлкі Комиссия мүшелерінің арасында бөліп таратылмайды және ол Коллегияның несие берушілерге беруі тиіс берешектерді өтеу үшін пайдаланылады және Алқаның Жарғысында көзделген мақсаттарға жұмсалады.

64. Алқаның таратылуы туралы жазба заңды тұлғалардың бірыңғай мемлекеттік реестріне енгізілгеннен кейін Алқаның қызметі аяқталған, ал Алқа өз өкілеттіктерін тоқтатқан болып саналады.